

The background is a dark blue gradient. In the corners, there are decorative white and light blue circuit-like patterns consisting of lines and small circles, resembling a printed circuit board or a network diagram.

1836-1838жж. Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс



Жоспар

1. Махамбет Өтемісұлы және Исатай Тайманұлының өмірбаяны
2. Көтерілістің шығу себебі
3. Көтерілістің басты мақсаты
4. Көтерілістің жеңілуі
5. Көтеріліс нәтижесі
6. Тарихи маңызы

Махамбет

Өтемісұлы




(1804 ж. Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Нарын құмының Жасқұс деген жері. — 1846 ж. 20 қазан, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Индер ауданы) — қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы.

Исатай

Тайманұлы

1791-1838 жылдары өмір сүрген. 1836-38 жылдары Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшысы, халық батыры. Кіші жүз Байұлының Беріш руынан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Халық батыры И. Тайманұлы 1791 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмындағы "Тайман жалы" деген жерде дүниеге келген.





Жайық пен Еділ өзенінің төменгі ағысында 1801 жылы Ішкі Орда немесе негізін салған Бөкейдің атымен Бөкей ордасы құрылды.

Патша үкіметіне арқа сүйеген Ішкі орда ханы әкімшілік, сот биліктерін шоғырландырып, орданы басқару жүйесінде өзгерістер жасады.



Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің негізгі себептері:
- o - Ақшалай салықтың өсуі;
- o - Күз сайын әр шаңырақтың хан сарайының мұқтажына құны 70 сомдық жылқы беруге міндеттенуі;
- o - Көшіп-қонғаны, шөп жинағаны , орыс помещиктерінің шабындығын басып өткені үшін салық төлеуі;
- o - Жәңгір ханның әділетсіздігі мен рақымсыздығы.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- 1833 жылы Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлын Каспий теңізі өңіріндегі қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы-көтеріліске түрткі болды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің негізгі қозғаушы күші- шаруалар, сонымен бірге оған старшын, билер де қатысты. Көтеріліс басшылары Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы.

Көтерілістің кезеңдері- үш кезеңге бөлінді.

Бірінші кезең: 1833-1836жж. қарулы көтеріліске әзірлік кезеңі ретінде сипатталады.

Екінші кезең: Көтерілісшілердің ханға қарсы аттануынан бастап олардың жеңіліске ұшырауына дейінгі-1837 ж. қарашаның орта шеніне дейінгі кезең.

Үшінші кезең: Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің шағын тобының Жайықтың сол жағалауына өтуінен (1837 жылдың желтоқсанынан 1838 жылдың шілдесіне дейін көтерілістің жеңілуі).

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің басты мақсаты:
- o Хан озбырлығына шек қою.
- o Шаруалар жағдайын жақсарту.
- o Жер мәселесіндегі патша үкіметінің отаршылдық саясатын өзгерту.
- o Әскери бекіністердің салынуын тоқтату.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің жеңілуі:
- Исатай басқарған көтерілісті тез талқандау үшін, Орынбор губернаторы В.А.Перовский барлық күштерді жұмылдыра бастады. В.А. Перовский бұл көтерілістің Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт азаттық көтеріліспен бірігуінен сескенді. Подполковник Гекке басқарған жазалаушы отрядтар Исатай қолын талқандау үшін аттанды. Исатай 500 сарбазымен сұлтан Айшуақұлына соққы беру үшін, Қайыпқали тобынан бөлінді. Айшуақұлы тобының Гекке тобымен қосылып, үлгергенін батыр байқамады.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің жеңілуі:
- 1838 жылы шілденің 12-сінде Ақбұлақ деген жерде көтерілісшілер Гекке мен Айшуақұлы басқарған отрядтан жеңілді. Ауыр жараланған Исатайды казактар қылышпен шауып, атып өлтіреді.
- Көтерілістен кейінгі жылдарда шаруалардың ауыр жағдайы өзгермеді.
- 1836 – 1838 жылдардағы көтерілістің негізгі мақсаттары орындалмады.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- Көтерілістің жеңілу себептері.
- Үстем тап өкілдерінің опаздығы.
- Көтеріліс басшыларының Кіші жүздегі және Ішкі Ордадағы көтерілістерді біріктіре алмады.
- Қару – жарақтың теңсіздігі.
- Стихиялығы, ұйымшылдықтың жеткіліксіздігі.
- Патша үкіметінің жазалау отрядтарының күші басым болуы.
- Көтерілісшілердің бір бөлігінің өз ісіне сенімсіз болуы.
- Көтеріліс жергілікті (локальдық) сипатта болды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Нәтижесі:
- o • Салық мөлшеріне шек қойылды.
- Патша үкіметі қазақ старшиндарымен санасатын болды.
- Ішкі Ордадағы хандық биліктің әлсірегендігін дәлелдеді.
- Қазақ феодалдарының отаршылдық басқару мен байланыста екенін көрсітті.
- Өртүрлі халықтардың қанаушыларға қарсы бірігіп күресуінің негізі қаланды.

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс.



- o Көтерілістің тарихи маңызы:
- o 1836 – 1838 жылдардағы көтерілістің тарихи маңызы зор болды.
- o 1. Жәңгір хан және оның маңайындағылардың озбырлығына белгілі дәрежеде шек қойылды.
- o 2. Патша үкіметі аз болса да, көтеріліске қатысқан қазақ ауылдарының мүдделерімен санаса бастады.
- o 3. Көтеріліс қазақ үстем тап – феодалдарының опасыздығын дәлелдеді.

1838 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ бойындағы шайқаста Исатай қазаға ұшырап, Махамбет Хиуа жақта 2 жылдай жасақ жинауға әрекет жасады. Бұл ниетінен әрекет шықпаған соң Бөкей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналады. Ақын өмірінде ауыр да сүргінді жылдар жалғасады

1841 ж. 4 наурызда белгісіз біреулердің көрсетуімен Тілекеев деген қазақтың үйінде отырған жерінде Махамбет қолға түсті. Орал әскерінің 40 мың адамнан құралған жасағы үй несі мен Махамбетті тұтқындал, Калмыков ауылында (қазіргі Тайрақ ауданы) екі апта түрмеде ұстады, кейін Орынборға айдатты. Орынбор генерал-губернаторы Махамбет ісін әскери соттың қарауына тапсырды.

1841 ж. 7 шілдеде сот «бүліншілікке» тағы араласса, қатаң жазалансын деген үкіммен тұтқыннан босатып, шекарадан өтпеуді қатаң ескертті.

1841 - 45 ж. аралығындағы Махамбет өмірі туралы деректер аз.

1846 ж. Махамбет хорунжий Тұрымұлының қолынан қаза тапты.



19 ғасырдағы қазақтың ұлы ақыны, еркін ойлы көтеріліс рухтандырушысы Махамбет Өтемісұлының жерленген жері Атырау облысының Индер ауданы, Индербор ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымдағы жерде орналасқан. Ақынның қабірі мәдениет ескерткіші болып табылады



Көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлы басынан өткен көптеген ауыр әрі қауіпті оқиғаларға мойымай асқан қайсарлық көрсетіп, өз жауларымен өмірінің ақырына дейін алысып өтті. Тек Исатай ғана "өлгенінше көпті соңына ерте алды" (Х.Досмұхамедов). "Тып-тыныш әлемде,-деп жазды орыс журналисі Н.Савичев, -қап-қара тұнық аспанда кейде жарқырап, зулап, жан-жағына отын шашып, жұртты таңқалдырып келе жатқан метеорды көресің. Тап осы метеор сияқты жарқын бейнелі, абзал, терең ақыл-ойдың иесі, халық қамын ойлаған қажырлы батыр -Исатай". Ақтөбе облысының Қобда ауданында Исатай батыр мен оның баласы Оспанға шайқас болған жерде ескерткіш орнатылған. Атырау облысы Исатай ауданының орталығы Аққыстауда да Исатай батырдың ескерткіші бар. Атырау қаласындағы,Миялы селосындағы, Жұмыскер селосындағы орталау мектепке батырдың есімі берілген. Батырдың туған жеріндегі "Тайман жалы" деп аталатын орынға мемориалдық тақта қойылып, Аққыстау селосында батырдың мемориалдық мұражайы ашылды. И. Тайманұлы мен оның ұрпақтары туралы "]]Қазақфильм]]" киностудиясы "Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай" атты деректі фильм түсірді.



МАХАМБЕТ
СТЕМІСУЛЫ

ИСАТАЙ
ТАЙМАНУЛЫ

Назарларыңызға рахмет

